

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 қаңтардағы N 90 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 12 ақпандағы N 201. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 тамыздағы № 529 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.08.2017 № 529 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Халықаралық ғылыми-техникалық орталықтың (ХҒТО) жобаларын жүзеге асыруға байланысты қызметті үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық ғылыми-техникалық кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 қаңтардағы N 90

қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Халықаралық ғылыми-техникалық орталықтың (ХҒТО) жобаларын жүзеге асыруға байланысты қызметті үйлестіру жөніндегі Ведомствоаралық ғылыми-техникалық кеңестің құрамына мыналар енгізілсін:

Қосынов А.О. - Қазақстан Республикасының Ғылым министрі - Ғылым академиясы президентінің орынбасары, төраға

Ахметов Т.З. - Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі- Ғылым академиясы халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық басқармасының бастығы, төрағаның орынбасары

Бәкірова С.Б. - Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі- Ғылым академиясы халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық

басқармасының бөлім бастығы, ғылыми хатшы

Әбішев Ж.Н. - Минералды шикізатты кешенді ұқсату жөніндегі ұлттық ғылыми орталықтың

бас директоры

Ахметов С.А. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
жанындағы Ақпаратты қорғау жөніндегі
мемлекеттік техникалық комиссия

төрағасының орынбасары

Гамарник Г.Н. - Қазақстан Республикасы Білім
министрінің бірінші орынбасары

Демин А.Б. - Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігі халықаралық құқықтық
қамтамасыз ету басқармасының бастығы

Елеуменов Д.Ш. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
министрлігінің халықаралық қауіпсіздік
және қару-жараққа бақылау жасау
басқармасының бастығы

Жантеміров М.К. - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік
комитеті бас басқармасы бастығының
бірінші орынбасары (келісім бойынша)

Жантикин Т.М. - Қазақстан Республикасы Атом энергиясы
жөніндегі агенттігінің бас директоры

Қарабаев М.К. - Қазақстан Республикасы Биотехнология
жөніндегі ұлттық орталығы бас
директорының орынбасары

Қаудыров Т.Е. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және
сауда министрлігі патент ведомствосының
төрағасы

Құлжанов М.К. - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрінің орынбасары

Сафрыгин М.М. - Қазақстан Республикасы Қорғаныс
министрінің әскери-техникалық саясат
жөніндегі кеңесшісі

Д.К.Дәукеев, В.Е.Жүсіпбеков, Ж.Н.Қадыров, Ж.Ж.Жақыпбеков,
Б.К.Нұрғалиев, В.Н.Околович, Ю.А.Шаповалов аталған құрамнан шығарылсын.

Аталған қаулымен бекітілген Халықаралық ғылыми-техникалық орталықтың
(ХҒТО) жобаларын жүзеге асыруға байланысты қызметті үйлестіру жөніндегі
ведомствоаралық ғылыми-техникалық кеңес туралы ережедегі:

5-тармақтың 5.1.-тармақшасының үшінші абзацындағы және 8-тармақтың
үшінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа
технологиялар министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ғылым
министрлігі - Ғылым академиясы" деген

сөздермен ауыстырылсын.

7-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК